

ЭКОНОМИКАНЫ КҮНДІЗ ДЕ, ТҮНДЕ ДЕ БАҚЫЛАУ КЕРЕК

– Кенжеғали Сағадиұлы, қаржы дағдарысы жағдайында мемлекеттің банктерге қолдау көрсетуі туралы не айтар едіңіз? Ол несімен тиімді деп ойлайсыз?

– Мемлекеттің банктерге қолдау көрсетуі дұрыс шара деп ойлаймын. Бізге қазір экономиканың нақты секторын несиелеу деңгейін түсірмеу керек. Өздеріңізге белгілі елімізде банк секторымен байланысты көптеген жобалар бар. Бұл жобалар бойынша жолдар, электр стансалары салынып жатыр. “Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы” жобасы бойынша қаншама кәсіпорындар салынып, инфрақұрылымдар жасалуда. Біз осыларға тиесілі қаржыны төмендетпеуіміз керек. Қазіргі күні халықтың 40 пайызы шағын және орта бизнеспен айналысады. Кейінгі кезде олардың жағдайы төмендеп кетті. Тіпті, кейбір кәсіпкерлер жұмысын тоқтатып жатыр. Сондықтан мемлекет бизнестің деңгейін көтеру үшін банк секторына қолдау көрсетіп жатқанына толық қосыламын. Осы жерде мемлекет банктердің акцияларын сатып алады, енді сол 5 млрд. АҚШ доллары банктердің өзінде ғана қалып қоя ма, әлде мемлекет көрсеткен салаларға жіберіле ме деген мәселе туындайды. Егер осы қаржы тек банктерде қалып қоятын болса, мұндай шараның ешқандай тиімділігі жоқ. Қаржы нақты экономикаға жұмыс істеуі керек.

– Қазір қарап отырсаңыз, дүние жүзі бойынша мемлекеттен басқа экономиканы қолдайтын инвестор қалмаған сияқты. Біздің еліміз мұны өткен жылы бастаса, басқа елдер енді ғана қолға алып жатыр...

– Қазір қай елді алсаңыз да жағдайы төмен банктерге мемлекет көмектесіп жатыр. Дүние жүзі бойынша экономиканың ең ірі инвесторы мемлекет болып отыр. Мәселен, АҚШ конгресінің шешімімен банктерге қолдау көрсету үшін 700 млрд. доллар, Еуропа елдері банктерге 2 трлн. еуро, Ұлыбритания 50 млрд. фунт стерлинг, Ресей үкіметі 50-100 млрд. доллар бөлуді жоспарлауда. Біздің еліміз де осы жолмен келе жатыр. Жалпы, біз өзіміздің банк жүйесіне өткен жылдың күз айларында көмектесе бастадық. Сол кезде Президенттің тапсырмасымен оларға 4 млрд. АҚШ доллары көлемінде қаржы бөлінді. Қазір банктер осы қаржының есебінен сыртқы қарыздарын өтеп, экономикаға несие беріп жатыр.

– Орын алған дағдарыстан қиналмай шығу үшін банктер қандай саясат ұстануы керек деп ойлайсыз?

– Мемлекеттен алған қаржыны дұрыс пайдалану керек. Оның үш жағы бар. Біріншіден, мемлекет қаржы саясатын, несие беру, несие алуды жақсылап жүргізуі керек. Кезінде біздің банктер шетелден көптеген қарыздар алып қойды ғой. Осыған қатысты айтылған ескертуді олар ескермеді. Ал енді шетелдің қаржысы тоқтағаннан кейін олар қиналып, соңында, өзіңіз көріп отырғандай, мемлекеттің қолдауына зәру болып қалды. Екіншіден, банктердің негізгі көзі – салымдарда. Сондықтан банктерге кәсіпорындарды шағын және орта бизнесті қаржыландыруы үшін жақсы қолдау керек. Үшіншіден, қаржыны шетелге шығармай, өз елімізде ұстап, экономикаға жұмыс істеуі үшін нақты шаралар атқару қажет.

– Банктерде салымдары бар халықтың алаңдауына негіз бар ма?

– Жоқ, оған негіз жоқ. Президенттің өзі Үкіметтің кеңейтілген отырысында халықтың 99 пайыз салымдары 5 млн. теңгеден аспайды, сондықтан оған алаңдауға негіз жоқ деп айтқан болатын. Екінші бір айтарым, біздің экономиканың күретамыры осы банктерде. Осыны ескеріп, мемлекет банктерге қолдау көрсетсе халық салымдарына алаңдамайтын болады. Қазір осы жұмыс жасалып жатыр. Мемлекет банктерге қолдау көрсетуде. Енді осы қаржы қайдан келіп жатыр дегенге келсек, ол Ұлттық қордан келіп жатыр. Бізде бір кездері кейбір азаматтар осы Ұлттық қорға ақшаны неге жинаймыз, оны неге шетелде сақтаймыз, ол басқа елдердің экономикасына қызмет етіп жатыр ғой деп айтып еді. Халық арасында оларға еліктегендер болды. Президент кезінде осындай пікірлерге қарамай Ұлттық қордың қаржысын жұмсап, жинай беру керектігін айтты. Қазір біз соның дұрыс екенін көріп отырмыз. Мысалы, “Самұрық-Қазына” ұлттық әл-ауқат қоры” АҚ-қа қосымша 5 млрд. АҚШ долларын, стрестік активтер қорын құру үшін 1 млрд. доллар, банктерге қолдау көрсету үшін 5 млрд. доллар қаржы бөлініп отыр. Осының бәрі Ұлттық қордан келіп жатыр.

– Қазір ел экономикасының деңгейі қандай?

– Біздің экономика осы кезге дейін жақсы дамып келе жатыр еді. Енді қазіргі жағдайды тұрақты деп айтуға болады. Мемлекет экономиканың дамуына қолдау көрсетіп жатыр. Ал келесі жылы не болатынын айтсам, бізге әлемдік қаржы дағдарысы тағы да өз кесірін тигізетін шығар. Осыған дайын болуымыз керек. Қазір шетел инвестициялары азайды, мұнай бағасы төмендеп жатыр. Сондықтан Мемлекет басшысы “Самұрық” пен “Қазынаны” біріктіріп, стресті активтер қорын құру туралы шешім қабылдап, келесі жылы болуы мүмкін дағдарысты еңсеру үшін алдын ала шаралар жасап қойды.

– Мемлекеттің экономиканы реттеушілік рөлі туралы қандай пікір айтар едіңіз?

– Жеке меншік еркіндігі, адамның өз кәсібін дамытуға мүмкіндігі болса экономика да жақсы дамиды болады. Бұл нарықтық экономикаға тән. Бірақ, мемлекет экономиканы реттеу жағын

күшейтуі керек. Қандай жолдармен десеңіз, жақсы салық жүйесін жасап, тиісті заңдарды қабылдау арқылы. Сосын қазіргі жағдай секілді Үкімет алдын ала шаралар ұсынып тұруы қажет. Ал мемлекет қиын жағдайда босаңсып қалса, нарықтық экономика дұрыс дамымайды, әртараптандырылған экономиканы, саяси-әлеуметтік дамуды қамтамасыз ете алмайды. Жасыратын несі бар, мемлекет осы кезге дейін күндіз нарықтық экономиканы бақыламай, тек түнде ғана оған күзетші болып келді. Енді жағдай басқаша болуы керек. Яғни, мемлекет күндіз де, түнде де бақылаушы рөлін атқаруы қажет.

– Өңгімеңізге рахмет!

Өңгімелескен Дастан КЕНЖАЛИН.

<http://www.egemen.kz/indexold.php?act=readarticle&id=7784>